

# ЖАРКЕНТ



## Айнасы

№21 (23), 15 қараша, жұма, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru

### САХАЛИН СҮРГІНІ

Тарихта ұлы жазушы А.Чехов қаламымен таңбаланып қалған қазақ  
Ұлтанбай Жақсымбетов тағдырынан бір үзік әңгіме



Бұл оқиғаның жай-жапсарын маған Алматыда тұратын Жаркент тумасы, зиялы азамат Хамза Еспембетов айтып берді. Айтып қана берген жоқ, осыдан бір ғасырдың арысында ақ патша төрелерінің тарапынан болған қиянат-қорлыққа төзбей қарсы шыққаны үшін жазаланып, тіпті, Сібір емес-ау, Сібірден де әрі ит өлген жер Сахалинге айдалып, қияпатқа толы ғұмыр кешкен талайы өзгеше тағдырға қатысты біраз ақпаратты алдыма жайып салды. Бұлар Ресейдің Владивосток қаласы мен Сахалин облысының архив мекемелерімен жазысқан хаттар, Сахалин облысы үкіметінің, оның инвестициялар және сыртқы байланыстар министрлігінің хаттары, «Сахалинская правда» газетінен келген жауап, т.б. екен. Бір аңдағанымыз, архивтік деректерде аты біресе «Улотомбай», біресе «Ультомбай», біресе «Ултамбай» деп, ал тегі бірде «Джақсымбетов», енді бір жерлерде «Джаксанбетов» деп әртүрлі көрсетілген. Әрине, бұдан алдағы ақиқат әңгімеміздің мәні ешбір өзгермесе керек. Біздің жүгінеріміз батыр бабаның азан шақырып, ақ қойылған аты – Ұлтанбай...

...Уақыт мұнары көлегейлеген алыс жылдарда Жетісудың бір құйқалы пұшпағы – Жаркент өңірінде болған оқиға. XIX ғасырдың орта шамасында Жаркент қаласының да әлі тарих сахнасына шықпаған, карталарда таңбаланбаған кезі. Аумақтық бөлініс бойынша бұл атырап Құлжа ауданына қарапты. Сол уақыттарда суан ауылдарының бірінде шежіреден белгілі Молақ Елтінді батырдың ұрпағы Арқабайдың әулетінде тай-құлындай тебісіп Жақсымбет және

Жақсылық атты соқталдай екі ұл өсіп келе жатады. Сайын сахараның еркебұлан жігіттері ержетіп үйленеді. Екеуі де ұлды болып қуанады. Жақсымбет шекесі торсықтай ұлының атын Ұлтанбай деп ұлықтап қойыпты. Ал Жақсылық өз перзентіне Еспембет деген елеулі есім беріпті. Олар да дұшпанға кеудесін бастырмас өр болып ержетіпті, дейді. Жетісу облысының әскери губернаторына Сүйдін қаласы, Іле ауданы 3-ші учаскесінің бастығынан 1872 жылы түскен санақ туралы рапортта суан болысының №7 ауылында Жақсылық Арқабайдың әулетінде 6 түтін, 14 ер адам, 12 әйел адам бар екендігі көрсетіледі. Бір айтатын жай, осы кездерде Ресейден қоныс аударушы келімсектер – казактар мен ерікті шаруа мұжықтар Жетісу жеріне өктемдей еніп, Қытаймен арадағы шекараның өн бойына әскери бекіністер мен қоныстар сала бастайды. Әлбетте, осы жағдайда жергілікті халық, қазақтар өз атамекенінде ғасырлар бойы жайлаған жұртынан, жайлау-қоныстарынан ығыстырылғаны, көпе-көрінеу қиянатқа ұшырағаны басы артық дәлелді қажет етпес, сірә. Міне, бүгінгі күнге шейін де ел ішінде ұмытылмай, көнекөз ақсақалдардың айтуы бойынша, осындай әділетсіздіктерге қаймықпай, қасқайып қарсы шыққан жүрек жұтқан ерлердің бірі жаңағы Жақсымбеттің ұлы Ұлтанбай болған екен.

Осы Ұлтанбайдың бел баласы, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Жетісу-Жаркент өңірінен шыққан көзі ашық көрнекті қайраткерлердің бірі Зәріп Жақсымбетов белгілі жазушы Бексұлтан Нұржекеулының «Жау жағадан алғанда» атты қалың романындағы қатпарлы оқиғаларда кеңінен көрсетілген. Сонымен бірге, үлкен шығарманың әр тұсында патшаның отарлау саясатына қарсы бас

көтерген Ұлтанбай тағдыры аз сөзге көп мағына сыйғыза, сараң айтылып өткен екен. Енді осы жайдың көркем шығармада көрініс тапқан бір нұсқасына зер салайық.

«– Аға, шыныңызды айтыңызшы, – деді Қасымхан Кітапбекке, – Зәріптің әкесі Сібірге не үшін айдалған? Оны сұрап отырғаным: осындағы бір білгіштер: «Ұрлық жасаған», – дейді. Ал өзі: «Патшаның отарлау саясатына қарсы болғаны үшін», – дейді. Қайсысын дұрыс дейсіз?»

– Соңғысы дұрыс. Зәріппен біздің таныс боп, туыс боп жүруіміздің өзі сол әкесінің сотталуына байланысты. Біздің ауылдың бір кісісін бәйге атына қызығып екі орыс, орыс болғанда солдат атып кетеді. Және сотсыз, дәнеңесіз аман құтылып кетеді. Соған ызаланған Ұлтанбай жайлауға келіп қайтып бара жатқан екі орыс төресін ұстап алып сүндетке отырғызып жібереді. Намыс үшін істеген. Қасыңда жолдастары бар, бәрін соттаған, содан аман қайтқаны жалғыз сол.

– Біреулер маған: «Қарағай тартып жүрген жазықсыз орыстарды ұстап алыпты» деп еді, – деді Әбубәкір мұртын сипай ойланып.

– Мен Ұлтанбай қарияның өз аузынан естідім. Жазамыз жеңіл бола ма деп: «Төре екенін білгеміз жоқ, қарағай тартып жүрген жай орыстар шығар деп ойлап ек», – деп, сотта біраз жалтарып көрген екен, соны шатастырған біреудің сөзі болар сіздің естігеніңіз.

– Е, әкесі әкелеріңіздің кегін қайтарған кісі болса, онда, дұрыс. Онда, онымен туыс болуға болады екен, – деді Қасымхан жымиып. Батыр кісінің баласы болды ғой Зәріп».

(Жалғасы 4-5 бетте)

#### БАСПАСӨЗ – 2020

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2020 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысамыз. Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. Индексі – 65161.

«Жаркент айнасы» газетіне 1 жылға жазылу бағасы - 2823 теңге.









Түстеніп отырған тұтқындар



Еркін қоныстанушы тұтқындар тұратын үйлер

пайымын сабақтайды. Сахалиндегі мұсылмандардың айдауда жүрсе де көп әйел алудан бас тартпайтынын, олардың кейбіреулерінің қос-қостан әйелдері барын ескерте келіп, осыған мысал келтіргенде: «...айталық, Александровскідегі Жақсымбетовтің Бәтима және Сесана деген екі әйелі бар...» деп жазады. Екінші әйелі Сесанаға Сахалинде үйленген. Өйткені мұнда жер аударылғандардың сотталған әйелдерге үйленуіне арнайы рұқсатнама бар. Тағы да Чехов куәлігіне жүгінсек, тәртібі қатал каторгалық жағдайда түрмедегі әйелдердің күйеуге шығуына әкімшілік мүдделі болған және жер аударылған ерлердің ішінен үйленуге ең лайықтыларына, мінез-құлқы жақсы, отбасын ұстай алатын шаруагер адамдарға рұқсат еткен. Сірә, біздің Ұлтанбай бабамыз осы санатқа кірсе керек, каторга бастықтары алдында қандай да бір адами қасиеттерінің арқасында беделі болса керек. Солай деп шамалаймыз. Ал Сесаның әлеуметтік жағдайына келер болсақ, ол А.П.Чеховтың статистикалық деректерінде «жер аударылғандардың ішінен шыққан шаруа әйел» деп анықталған.

Сесана бір сотталушы татар жігітінің әйелі екен, дейді Серғали аға жазбасы. Ұлтанбай екеуі бірге жұмыс істеп жүріп, татар жігіт ауырып қайтыс болады. Ұлтанбай оны мұсылманша жерлейді. Бір жыл өткесін Ұлтанбайдың әйелі: «Екеуіміз бала көрмедік, ұрпақсыз өтеміз бе?» деп татар жолдасының әйелін өз еріне некелеп қосады. Тілегенге құдай беріп, бұл әйелі Сахалин сүргінінде жүрген шерлі Ұлтанбайға үш бірдей балпанақтай бөпе: екі ұл, бір қыз сүйгізіпті. Сол Сесана Ұлтанбайға күйеуге шыққаннан кейін еркін қоныстанушы немесе онымен азаматтық некеде бірге тұрушы, әйтпесе қамқорлығындағы пәтершісі санатына көшірілген. Бір жақсысы, Сахалинде мұндай әйелдер каторгалық ауыр жұмысқа міндеттеп салынбапты. Олардың өз тамағын өзі тапқанын, мұндағы ерлердің табиғи қажеттіліктерін өтеп, солармен тұрмыс құрып, өмірге бала әкелгендерін олжа санапты. Ал балалардың демографиялық өсім, келешектегі жұмыс күші екенін бағамдаған.

Осы арада мына бір жайға назар аударудың реті келгендей. Ұлтанбайдың өзі де 1890 жылғы Чеховтың санақ карточкаларында «крестьянин из ссыльных», яғни «жер аударылғандардан шыққан шаруа» деп көрсетілген. Сұрақ туады. Неге шаруа? Ұлтанбай Жақсымбетов заң тұрғысында «сотталған жер аударылушы қылмыскер» емес пе еді? Иә, солай-тын. 12 жылдық жаза мерзімі 1886-1887 жылдары аяқталып, ол каторгадан босап, біржола бостандыққа шығып, еліне қайтуы тиіс еді. Бірақ 1880 жылы жаза мерзімін өтеген каторгашылардың аралдан кетуіне тыйым салып, оларды үй тұрғызуға, ауыл шаруашылығымен айналысуға міндеттеген ұлық мәртебелі пәрмен шығыпты. Ұлтанбай Жақсымбетовтің тағдыр тауқыметі жалғаса беруіне, жаза мерзімі біткен соң да елге қайтпай, Сахалин колониясының шаруа тұрғыны болып қалып қоюына, 12 жылдық кесілген азаптың бақандай 27 жылға созылуына осы оспадар пәрменнің әсері тигені күмәнсіз. 27 жылдық шер, туған ел мен жерге деген 27 жылдық сағыныш...

Біздің кейіпкеріміз Ұлтанбай Жақсымбетовтің тағдыры жайлы да құнды мәліметтер келтірілген Антон Павлович Чеховтың толық нұсқасы 1895 жылы жарық көрген «Сахалин аралы» кітабы сахалиндік каторгалық колония шындығын, ондағы адам төзгісіз ауыр жағдайды бірінші

болып айтты. Тауқыметті сапарда өзі де талай қиындықты бастан кешкен қаламгер «төзіп болмас қасіреттер мекені» Сахалинге жұртшылық назарын аударуды өзінің азаматтық әрі жазушылық борышы санапты. Кітаптағы ащы ақиқаттар бүкіл көзі қарақты, көкірегі ояу Ресейді дүр сілкіндірген. Қоғамдық пікір бұрқанысымен үкімет каторга тұтқындары мен жер аударылғандардың жай-күйі туралы заңнаманы реформалауға мәжбүр болады. 1906 жылы Сахалин каторгасын тарату жөнінде заңдық қуаттағы мәртебелі жарлық шығыпты. Ал 1908 жылы арал ерікті түрде қоныстануға ашық деп жарияланады.

Біздің Ұлтанбай бабамыз бұл кезде елге оралған болатын. Жобалауымызша, 1902 жылы. Туған ел-жерімен бүтін бір ғұмыр дерлік соншама жылдан кейін қайта қауышқанда Ұлтанбайдың қасында екі әйелі және Зәріп пен Әбділда деген ұлдары, Зылиха деген қызы болыпты. Әуелі, Сібірге айдалған Ұлтанбай келе жатыр деген хабар күллі Жетісу, Күрөңбел, Қоңырөлең, Жаркент өңірлеріне тарап кетіпті. Осы хабар құлағына тиген ел басшылары, жұрт жақсылары жиылып Ұлтанбайды жұрағатымен құрметтеп қарсы алыпты. Үй тіктіріп, нешеме күн той қылыпты. Сосын алдына мал

алуды әдет қылған әйгілі Қасымхан Чанышев пен оның қол астындағы милиционерлерді сынап сөйлейді. Ол сол аласапыран кездерде уездік жер бөлімінің төрағасы, сондай-ақ уезд аумағындағы Нарынқол, Көктал, Жаркент елді мекендері мен басқа да болыстардың аттарын өзгерту жөніндегі комиссия төрағасы болады. Кейінірек Зәріп Жақсымбетов Жер халық комиссариатының шақыруымен ұлы Ескендірді алып Алматыға қызметке ауысады. 1937-1938 жылдары қудалауға түсіп, ұсталып кетсе керек. Ал ұлы Ескендір, ол кезде ержетіп қалған жігіт, аға лейтенант шеніндегі НКВД қызметкері, Қызыл-ордаға жауапты қоғамдық-саяси жұмысқа жіберіліп, сонда құрт ауруына шалдығып, күтпеген жерден қайтыс болған.

Бүгінгі Ұлтанбай ұрпақтары дегенде қартайғанда көрген қос қызы Дәниха мен Балиха апалардан тараған перзенттерді ауызға аламыз. Дәнихадан туған екі жиен Ораз бен Жапар Нұрпейісовтер, соғыс және еңбек ардагері Қадыр Қарабалаевпен дәм-тұзын жарастырған Балихадан өсіп-өрбіген Мәлік, Серік, Гүлнәр есімді ұл-қыздар да Панфилов ауданында береке-бірлікпен өмір кешіп жатыр. 1917 жылы туған бұл Балиха 30-шы



Александровский түрмесінің ғимараты

салып, алты қанат үйімен Байтүгей ішіне, туған жері Бұрқанға алақанға салып апарып қондырыпты. Ағайын-туыс шаттанып, ел-жерімен сағынып көріскен, сағы сынбаған Ұлтанбайды дүйім халық сыйлап, абыройы асып тұрыпты. Кейін Жаркент қаласында тұрақтайды.

Қалай болғанда да Ұлтанбай алты-жеті жыл өткенде үшінші қайтара төсек жаңғыртыпты. Ағайындары ақылдасып, нарынқолдық албандардың 17-дегі Жықайша деген бойжеткен қызын құда түсіп алып беріпті, дейді. Ілгеріде айтылғандай, Жықайшадан 1914 жылы Дәниха, 1917 жылы Балиха және 1923 жылы Жайлаубай атты перзенттер дүниеге келген көрінеді. Ал А.П.Чеховтың санақ карточкасында тіркелген Махмет және Әбділ-Мәлік атты қос ұл жоғарыда айтылған Зәріп пен Әбділда болар-ақ. Осылай долбарлауға да қақымыз бар сияқты. Өмірде не болмайды? Шым-шытырық қияпатты тағдырлар аз ба? Сөйткен Ұлтанбай ақсақалдың өзі 1930 жылы 86 жасында дүниеден өтеді.

Ұлтанбайдың тарихтан белгілі ұлы Зәріп Жақсымбетов. Благовещенск гимназиясында оқыған, одан соң техник мамандығын алған. Елде біраз жыл Үсен болыстың хатшысы болыпты. Әкесі оған Жаркенттегі Хайбуллин Низами деген татар көпесінің Шарипа деген сұлу қызын алып береді. Оның жағымды бейнесін сомдауға «Жау жағадан алғанда» романында жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының бірталай байыпты беттер арнауы да бекер емес екен. Бұл да Ұлтанбайұлы Зәріптің тегін адам болмағандығын айғақтай түспек. Ол 1918-1928 жылдары Жаркент уезінің ревком мүшесі болады, қарапайым малшы қазақтардың мұң-мұқтажын табанды түрде қорғайды. Ревком отырыстарының бірінде Зәріп тапа тал тұсты қазақтардың мініп жүрген атын тартып

жылдарда Ескендірмен бірге Алматыдағы Зәріп ағасының қолында тұрған.

Мақаламыздың басында Ұлтанбайдың інісі Еспембет деген ер жігітті ауызға алып едік қой. Сол Еспембеттен тараған ұрпақтар да бүгінде бір қауым ел. Ұлы Отан соғысының ардагері Серғали Еспембетов пен еңбек ардагері, ұлағатты ұстаз Нұрилла Тұрғанқызының балалары мен немерелері де Алматы-Жаркентте өмір-шуағына бөленген. Біздің қазақтың қара емендей берік қасиетті қариясы Ұлтанбай туралы қалам тартуымызға мұрындық болған да Еспембеттің немересі Хамза Серғалиұлы екенін айтпауымыз жарамас. Ол алыстағы Сахалиннен Ұлтанбай ұрпақтары табылып қалар деген үмітін де үзек емес, іздеуді тынбай жалғастыруда. Соңғы санаққа жүгінсек, қазір Сахалинде 500-ден астам қазақ тұрады екен. Бірақ «Сахалинская правда» газетінің редакторы Хамзаға жазған жауап хатында Сахалин облыстық ішкі істер басқармасының есебінде Жақсымбетовтер туралы дерек басқартырылған айтады. «Бәлкім, олардың тегі өзгерген шығар, өмірде ондай жағдайлар көп қой», деген Хамза бәрібір мойымайды. Біз ойлаймыз: болашақта батыр баба, таңғажайып тағдыр иесі Ұлтанбай Жақсымбетов туралы фильмде түсірілер, роман-хикаятта жазылар. Осы бір жарқын бейнені ел есінде қалдырудың басқа да шаралары жасалар. Ұлы жазушы А.П.Чехов сипаттаған Сахалин сүргіні сайыпқыранының өмірі қастерлеуге татиды, ұрпаққа ұлағат етіп ұсынуға лайықты.

Қорғанбек АМАНЖОЛ,  
«Егемен Қазақстан»  
Алматы

Ұлтанбай Джаксанбетов. Хозяин	
Имя, фамилия, отчество, отношение к хозяину:	Ултанбай Джаксанбетов. Хозяин
Округ:	Александровский округ
Селение, пост:	Пост Александровский
№ дома по казенной подворной описи:	30
Звание:	Крестьянин из ссыльных
Возраст:	65
Вероисповедание:	Магометанского
Место рождения:	Танкент
Год прибытия на Сахалин:	1875 (?)
Основное занятие:	
Грамотность:	Неграмотен
Семейное состояние:	Женат на родине и на Сахалине
Получение пособия от казны:	Нет
Информация о болезнях опрашиваемого:	
Дополнительная информация, написанная Чеховым на карточке:	
Место хранения и № учетной карточки:	РГБ № 99

[Вернуться к списку](#)

А.П.Чехов толтырған Ұлтанбайдың деректемесі

# ҚАЛАМЫ ЖҮРДЕК ЖАН ЕДІ...

**Қазақ ауылының кез келген жерінен әр кезеңде өзі өмір сүрген қазақ даласындағы ауылдан шыққан қалам тартуға бейім адамдар көптеп кездеседі. Айналасын қоршаған жандарға ерекше жылы көзбен қарайтын, өткен, болған оқиғаларды ерекше сезіммен көңіліне түйе білетін, әрі қағазға түсіріп кеткен жандардың бірі Нұрымбай Нұрмұқаұлы еді.**

Алмалы ауылынан соғыстан кейін туылған санаулы азаматтарының ішінен санасын, ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған ұстаздардың бірі. Ауыл ортасын бөліп ағатын жылы ағысты Алмалы өзенінің бойын жаз бойы думанға бөлеп, ауыл үстіндегі қыраттың бауырынан бұрқылдап шығып кәдімгідей жылға салып, сылдырап ағатын Ащыбұлақтың бір жарым, екі қарыстай болатын, дәмі тіл үйретін теңбіл балығын ұстап алып, сол жердегі бір түп шиге қойып, қарып жеп, түстене салатын, ауызы күйелеш-күйелеш болып, кешке қарай үйге оралатын ауыл балаларының бірі еді. Ұлы Отан соғысынан кейін іркес-тіркес туылған ауылдастары бұл күндері марқұм болып кеткен Ерсайын Қалиақпарұлы, Тұрлығазы (Көкен) Сабырбайұлы, Серікбай, Көкен, Ермаш, Айтбай, Әлиер, Тұрған, Әжінұр сияқты қара домалықтармен қара күзде қара судан шүрегей, үйрек аулаушы еді. Соғыстан кейінгі ауыртпалық бұлардың да мойнына түсті. Есейе келе шілденің шіліңгір ыстығында шөп шапты, шөпшек тасыды, мал қорасын тазалау, көктемдегі лайсаңда сақманға бару, қозы-лақ, бұзау бағу, жазғы аптапта жүгері отау осы қиын да көп күшпеген шыдамдылықты, төзімділікті қажет ететін істерді атқарысты. Әкесі Нұрмұқа Ұлы Отан соғысынан оң аяғынан жараланып, мүгедек болып оралды. Бірақ мен соғысқа қатыстым, жарымжанмын деп үйде қарап жатпай, ұшы-қиыры жоқ колхоз жұмысына араласып кетті. Алғаш егіс даласының бригадирі, мал фермасының меңгерушісі қызметтерін атқарғанымен, кейінгі жылдары сыздаған жарасы сыр беріп, ат үсті жұмысқа қарауылдыққа ауысты. Ауылдың тау жағына орналасқан төртжылдық бастауыш мектеп жаңа орта, жаңа достар, оқуға құштарлық қажетті білім нәрінен сусындауына жол ашты. Педагогикалық училищені, кейіннен институт бітірген өнегі мол білімді ұстаздар Өмірзақ, Садық, Фаридалар, оқу орнын жаңа бітіріп келген Нұрсағат ағайлар сабақ берді. Ән сабағын өтіп, өнермен қауыштырды.

Аудандық білім бөлімі арқылы Соцжол (қазіргі Байбөрі би ауылы) Ынталы ауылдарына жіберіліп, біраз жылдар мұғалім мен директор болып қызмет атқарған кездегі әріптестері Нұрымбай Нұрмұқаұлы туралы Бердікеев Жұмағали ілтипатпен еске алады. Соцжол орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп жүрген кезінде «Октябрь» совхозына қарасты бөлімшелердің бірі Сарпылдаққа колхоздың жүгерісін жинауға барған шақтағы ол кісінің адамдарды ұйымдастырғыштық, әрі жұмысқа деген бейімдеу қабілетінің жоғары екендігін айтады.

«Нұрекең Соцжол, Ынталы мектебінде мұғалім болып істеп жүргенде, колхоз жұмысына қолғабыс тигізуге келгендермен бірге барып еді. Жұмысқа келген оқушылардың бәрі палатқаларға бөлініп-бөлініп орналастырылған еді. Нұрымбай ағамыз ерте тұратын, таңғы таза ауамен тыныстай жүріп, елдің кеш жатып, кеш тұратынына көңілі толмаған соң баяғы бала күннен бойға сіңген, әрі

іске жауапкершілікпен қарайтын әдетінше үшінші күні айғайға басып, барлық жұртты оятып, сапқа тұрғызып, бұдан былай лагерьде белгілі тәртіп болуы керек екендігін түсіндірді. Дауысы зор еді. Лагерьдің жоғарғы жағындағы палатқадан соңғы орналасқан палатқаға дейін еркін жететін. Сол күннен бастап ешкім келіп ол кісіні жетекші етіп сайламаса да бәріміз сол кісіні мойындадық. Жұмыс түзеліп жүре берді», – дейді Жұмағали.

Жаркент аймағының бір шетінде, шекара шебінде Алмалы ауылында тұратын жасы келген ата-ананың қамын ойлап, кез келген кезде сәлем-сауқат салып жіберіп, болмаса қолы қалт еткенде өзі келіп шай-пайын әкеліп тастайтын еді. «Өзі де керемет шайқор адам, бір шай ішуді бастаса, самауыр су алғанша орнынан тұрмайтын. Қолынан тастамайтын қара портфелі бар еді, барған жерінен үнді шайын тауып алып әкелетін», – деп Жұмағали жымия күліп, көрші тұрған ағасының қарапайым қазақы мінезін ілтипатпен еске алады.

Қоңырөлең тарабында 1936 жылы салынып, талай тұлғалы азаматты тәрбиелеудің ошағы болған, білім берудің ордасы – Ынталы сегізжылдық мектебі еді. Қазірде еліміздің түкпір-түкпіріне жыл сайын өз жеткіншектерін самғатып отырған білім ордасы. Нұрымбай Нұрмұқаұлы Ынталы сегізжылдық мектебіне директор болып келгенде бастауыш сыныпта сабақ жүргізіп жүрген Ақанова Бижама: «Керемет маңғаз, басқару этикасы өте жоғары адам болды. Алдына келген адамдардың сөзін бөлмей, көп тыңдайтын, көп сөйлемейді, үнемі жымиып отыратын еді. Ешкімді дауыс көтеріп, тілдемейтін. Сабақ талдаудың шебері болатын. Кей кездері жарысқа түссек, біздерге арнап өлең жазып қоятын. Адамгершілікті еді», – деп өзінің жалындаған жастығына, жақсы басшы тап болып, ұстаздық ісінің шаттығына бөленген кездерін бір шарлап алып, мұңая есіне алады. Шағын бірнеше ыңғайландырылған бөлмелерден тұратын осы мектепке қосымша бір бөлме қосқызған да Нұрымбай еді. Ауылдағы ата-аналарды, мұғалімдерді ұйымдастырып, өзі бас болып, бір сыныпты тұрғызып, үстін жауып, күзде сабақ оқуына жағдай туғызды. Сол қадірлі ағамыздың табанының табы қалған қабырғалары мен тақталары әлі оқушы игілігіне жарауда.

Нұрымбай Нұрмұқаұлының журналистік қызметіне тоқталар болсақ, менің қолыма тиген қолжазба 40 бетке жуық көне Кеңестік машинкамен жазылған, сарғая бастаған уақыт табы тиген дүние еді. Марқұм Нұрымбайдың жұбайы Рахима жеңгеміз «Мәкен, айналайын, ағаң мына дүниелерді жазып жүруші еді, тарихи дүниелер ғой, керекке жаратуға болатын шығар, оқып көрсеңші», – деп өтініп маған тапсырып еді. Қолжазбадағы айтылып отырған мәселелер біздің Жаркент өңіріндегі Азамат соғысы кезінде жанқиярлық оқиғаларды баяндайды. Кез келген ауылдың, жердің, елдің тарихы Қазақстанның тарихы деген тұрғыдан қарасақ, Нұрымбайдың да тарихты зерттеу саласында сіңірген еңбегін атап өтуге тұрарлық. Революциядан кейінгі 1920 жылдардағы Кеңес өкіметінің өмір сүруіне кеселін тигізіп тұрған Қытайдың Сүйдін қаласын шабуыл тірегіне айналдырған, қазақтардың жеріне бүйідей тиіп, жанын өлтіріп, малын тартып алып отырған атаман Дутовтың көзін жою операциясы туралы аз жазылған жоқ. Г.Миловановтың «Құпия майданның жауынгерлері», Б.Нұржекеевтің «Өзендер өрнектеген өлке», К.Тоқаевтың «Соңғы

соққы», «Біз Жетісуданбыз» повестерінде, Ж.Арыстанбековтың «Қыран да жерді мекендейді» шығармаларында және Кеңес одағы ыдырамай тұрған кездегі 1920 жылғы 6 ақпандағы оқиғаға байланысты көптеген мақалалар шығатын. Сондай бір көлемді мақала сол кездегі Орталық партия комитетінің «Правда» және «Известия» газетінің 1991 жылғы соңында шыққан. Мақала жазушы осы операцияға қатысқан адамдарға, олардың ерлігіне үлкен баға берген еді.

Жоғарыда осы тақырыпқа қалам тартқан жазушы журналистер архивтік деректерге сүйеніп жазған болса, Нұрымбай осы оқиға жөніндегі топтамалармен түгелдей танысып және 1920 – 1930 жылдардағы оқиғаларды көзбен көрген, бастан өткерген адамдардың көзі тірісімен тікелей, бетпе-бет кездесіп, әңгімелесіп, деректерді солардың ауызынан жазып алуында. Күнделікті қасында жүрген жазылмаған тарих – әке-шешесі, туыстары, ауылдастарының тағы бар екендігінде.

Нұрымбай Нұрмұқаұлының журналистік қыры осы 1921 жылғы айтулы оқиғаның өзі туған Алмалы ауылындағы адамдардың қатысуынсыз өтпегендігін дәлел басып тани алуында. Мұқай Байсымақов, Солтанай Маралбаев сияқты батыр аталарының ел тыныштығын бұзғалы отырған қанішерлердің көзін жоюға тікелей араласуы. Оның бойында олардың ерліктерін елге паш ету сезімін туғызды. Ол еңбегі ақталды.

«Алғашқылар» деп ат қойған еңбегінде шын мәнінде кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жаңалық болып табылатын, сауатсыздықты жою мақсатында мектеп ашу, алғашқы ұжымдастыру «Қосшы» артельдер, «Кооперативтер» құруға белсене қатысқан Жаркент аймағындағы Қоңырөлең, Соцжол, Алмалы, Басғұншы, Талды сияқты жерлердің азаматтарының есімдерін, еңбектерін өз зерттеуіне арқау еткен. Жазған дүниелерінің құндылығы да сонда, сол кездердегі оқиғаларды көрген, білген, естіген алғашқы тың дерек көздерін пайдаланған. Бұл еңбегінің сәл кешігіп шығуының өзіндік себебі бар. Әрине «Алғашқылар» деп ат қойып шығарып ел қолына тигізуге болар еді. Қолжазбаны оқи отырып, ондағы оқиғалардағы адамдардың есімдерін, оның және олардың суретін, ұрпақтары жайлы мәлімет қосымша деректер беру қажеттігі туындады. Сондықтан да мен Нұрекең қызмет еткен Қоңырөлең аймағын аралап, өзі еңбек еткен мектептегі әріптестерімен пікірлесіп, көптеген мәліметтер алып қайтып, кітапқа енгізіп отырмын. Жетісудай жер жетпес өлкеде туылып, осы әсемдіктер нәр алып өскен Нұрекең осы өлкенің тарихи оқиғаларға толы екендігін өз еңбегімен дәлелдеп, келешек ұрпаққа «өз тарихыңды ұмытпа» дегендей. Нұрымбай Нұрмұқаұлының еңбек жолының өзі журналистік жол деп санауға болады.

**Молот СОЛТАНАЕВ,**  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі, ақын.







## ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ

**Жаркент қаласында «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «М.Тынышпаев атындағы тарихи – өлкетану музейі» МКҚК филиалы «Жауынгерлік Даңқ музейінің» бастамасымен аталмыш музейде «Сырлы өңір» тақырыбында өлкетанушы, тарихшылармен кездесу кеші өтті.**

Кешке белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, этнограф – Әдепхан Төреханұлы, «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейінің меңгерушісі Әбдімұрат Раев, ақын, жазушы Ырысбек Дәбей, тарихшы Түрдәлі Өмірбаев, аудандық кітапхананың директоры Дария Бекжігітқызы, тарихшы, өлкетанушы Ахмет Баймолда, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы, аудандық «Жаркент айнасы» газетінің директоры Дархан Бейсенбекұлы және ауданамыздағы «Диана» медициналық колледжінің студенттері қатысты. Кездесуде этнограф Әдепхан Төреханұлы алғаш болып сөз алып, егемендік тірегі – жастарымызды елін, жерін сүйеге, өзі өмір сүрген өңірдің тарихын терең білуге шақырды. Тарихшы, өлкетанушы Ахмет Баймолда өзінің жеке коллекциясынан бірнеше жәдігерді «Жауынгерлік Даңқ музейінің» қорына тапсыратынын айтып, іргелі іске бастамашы болса, ақын Ырысбек Дәбей «Сакральді Қазақстан» жобасы аясында Жаркенттегі бірнеше тарихи орындарды тізімге енгізу керектігіне баса назар аударды. Жазушы Дархан Бейсенбекұлы музей қызметкерлері айына бір мәрте ауылдарды аралап, елдің қолындағы көне жәдігерлерді жинау, мүмкін болса басқа облыстардағы тарихи-өлкетану мұражайларын аралап, біліктіліктерін арттыру қажеттілігіне тоқталды. «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейінің меңгерушісі Әбдімұрат Раев, тарихшы Түрдәлі Өмірбаев, аудандық кітапхананың директоры Дария Бекжігітқызы жастардың рухани кемелденуі, әр салада жүрсе де өз елінің тарихын, тұлғаларын білуі қажеттігін, кітаппен дос болулары керектігін атап өтті.

Кездесу көркін «Тарихтағы тұлғалар: Жаркент өңірінің батырлары» бейнефильмі аша түссе, аудандық Мәдениет үйінің әншісі Оспанбек Бақыттың орындауындағы «Жаркентім» әсем әні қонақтардың көңілін бір серпілтіп тастады.

Жаркент – қазақтың атақты ғалымы Ш. Уалиханов жүріп өткен. Бұл өңір туған жерін сырт жаудан қорғап өткен Елтіңді, Ұзақ, Назар, Аралбай, Тұматай, Сатай,

Бөлек, Бағай, Қара Биғаш, Шойнақ, Ұлтанбай, Әткөй, Нұржеке, Мұқай батырлар және Қараменде, Қожанбет, Малдыбай, Дөнен, Кененбай, Бегімбек, тағы басқа билердің, кешегі 86-ның желтоқсанында ұлтымызды бодандықта ұстап, салтымызды жоя жаздаған қанқұйлы Кеңес одағынан ақырып теңдік сұраған Ербол Сыпатаев пен Ләззат Асановалардың кіндік қаны тамған киелі мекен. Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі Орбұлақ шайқасы да осы өңірдің тауында болған. Бұл жерден 1941-1945 жылдары Екінші дүниежүзілік соғысқа 12,5 мың адам қатысып, оның 8-і Кеңестер Одағының Батыры атанды.

Кезінде еңбектің ерен үлгісін көрсеткен Жаркенттен 9 Социалистік Еңбек Ері шықты. Панфилов ауданы Республикаға танымал жезтаңдай әншілер Дәнеш Рақышевті, Нұржан Жанпейсовті, қазақтың сурет өнерінің атасы Әбілхан Қастеевті тудырған қасиетті өлке.

Кездесуді қорытындылаған «Жауынгерлік Даңқ музейінің» меңгерушісі Қали Ибрайымжанов: «Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Еліміздің барлық аумақтарында тарихымызды түгендеу үрдісі қарқынды жүргізіліп жатыр. Солардың қатарында Жаркент өңірінде өткен ғасырлардан сыр шертетін тарихи орындар жетерлік. Мәселен, кейбіреулерімен таныс болсақ та, қайсы бірі жұмбақ күйінде жатқан қолдан үйілген төбешіктер, белгіге қойылған балбал тастар, көмескіленген атаулар. Мінекей осыларды көріп білген сайын адамның ақыл-ойы әр саққа жетелейді. Мысалы, Белжайлаудағы, Бұрқандағы, Сартаудағы петроглифтер мен түрлі көлемдегі обалар және де көне Жаркент, Ақкент, Ілебалық (Үшарал ауылы маңында), Түргенкент ескерткіштері әлі де толық зерттеле қоймады. Сондай-ақ әртүрлі келбетте қойылған ескерткіш тастар, қыш ыдыстар, тұрмыстық заттар, қару – жарақтар тағы басқа көне тарихи жәдігерлер құпиясы толық ашылған жоқ. Міне осылар ашыла қалса, еліміздің тарихына, мәдениетіне қосылған үлкен олжалар болатыны анық. Осы жолда сіз болып, біз болып аянбай тер төгуіміз қажет. Бұның бәрі – болашақ ұрпақ үшін атқарылар шаруалар», – деп, жиынға қатысушыларға алғысын білдірді.

Жиын соңында колледж студенттері тарихшы, этнограф, жазушылармен естелік суретке түсіп, осындай игі іс-шараның көптеп өтуіне тілектестік білдірді. Одан кейін қонақтар музей ішін аралап, тарихи жәдігерлермен танысуға мүмкіндік алды.


Өз тілшіміз

## ҚЫЛҚАЛАМ ҚҰДІРЕТІ

**Оразымбеков Елмұрат Әукенұлы – суретші, қылқалам шебері. Панфилов ауданы, Еңбекші ауылында Оразымбеков Әукен (1936 ж) мен Жұмаділова Рәштің (1942 ж) отбасында 1975 жылдың 27 тамызында дүниеге келген.**

1982 жылы Еңбекші ауылындағы Ербол Сыпатаев атындағы орта мектептің бірінші сыныбына барып, осы мектепті 1992 жылы бітірді. 1993 жылы әскер қатарына алынып, 1995 жылы әскери борышын атқарып келді. Мектеп қабырғасында оқып жүрген кезде Еңбекші ауылының мектебі ішінен «Көркем-сурет лицейі» ашылып, осы лицейдің ұстаздарынан Көшербаев Болысбек, Самылтыров Ерлан ұстаздарынан бейнелеу өнері бойынша білімін жетілдірген.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Көркем-сурет факультетіне 2001 жылы түсіп, осы оқу орнын 2006 жылы бітіріп, «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімі мамандығын алып шыққан. Еңбек жолын 2004 жылы Жаркент қаласындағы №6 орта мектебінде «Бейнелеу өнері және сызу» пәнінің мұғалімі болып бастаған. Осы аталған мектепте 2004-2010 жылы аралығында тапсырмаларды табысты



орындағаны үшін Аудан әкімінің «Алғыс хатымен» (2007, 2010 ж.), Аудандық

білім бөлімінің «Құрмет Грамотасымен» (2007, 2009 ж.) марапатталған.

2011 жылы Панфилов ауданы Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжіне «Бейнелеу өнері және сызу» пәні бойынша оқытушы мамандығына қызметке қабылданды. 2012 жылы КФА-на III курс студенті Барлыбеков Мақсатты «Киіз үйдің құрылысының математикамен байланысы» тақырыбында дайындап, грамотамен марапатталды.

2018 жылы ҚР Призидентінің «Болашаққа бағдар – Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Астана – әсем қала» тақырыбынан Ә.Қастеевтің көркем сурет галереясында облыстық байқау ұйымдастырылып, «Графика» өнері бойынша I дәрежелі «Диплом» және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

2019 жылы Әбілхан Қастеевтің туғанына 115 жыл толуына орай Панфилов ауданы Аудандық Ішкі саясат бөлімі мен көркем сурет галереясы «Туған жер табиғаты» тақырыбында кәсіпқой суретшілер арасында өткізген байқауда Елмұрат Әукенұлы I дәрежелі «Диплом» және заттай сыйлықпен марапатталды.

Қазіргі таңда «Жаркент жоғарғы гуманитарлық-техникалық колледжінде» оқытушы қызметінде. Сурет салумен тұрақты әрі кәсіби түрде айналысады.

Елмұраттың қылқаламынан туған бірнеше суретті назарларыңызға ұсынып отырмыз.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ  
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК  
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК  
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ  
Бас редактордың орынбасары –  
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ  
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:  
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.

➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.

➤ Газет индексі - 65161

➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.

➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды.

050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В

Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.

➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:

Алматы қаласы,  
Қабанбай батыр көшесі 147, 22  
офис

Алматы облысы, Жаркент

қаласы,

Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14

пәтер

Тел.: 8/705/412-78-48;

8/705/277-16-91;

8/777/971-57-67

Газет екі аптада бір жарыққа

шығады.

Тапсырыс: №1782